

**Амангелді орта мектебінің 4 сынып оқушыларымен жүргізілген жыл бойғы жұмыстар жөнінде  
қорытынды талдауы  
2023 – 2024 оқу жылы**

Тәрбие жұмысын талдау.

Өткен оқу жылында класта жүргізілген тәрбие жұмысын талдау схемасы

1. Өткен оқу жылындағы тәрбие жұмысының мақсатын анықтау мен жоспарлау жұмысының пәрменділігінің талдауы:

Өткен жылғы тәрбие жұмыс жоспары бойынша өткізілген тәрбиелік шаралар уақытында өткізілді.

Өткізілген шаралар уақытында жинақталып отырды. Барлық оқушылар өткізілген шараларға белсенділікпен қатысты.

2. **Класс ұжымы дамуының талдауы:** Кластағы оқушылар ұжым ішінде ұйымшыл, әр оқушының қабілеттері әр түрлі берілген топтық тапсырмаларды өздерінің қабілеттеріне қарай орындап отырады. Кластың дәстүрлі мерекелері, күнтізбелік мерекелер, сыныптан тыс шараларға, үйірмелерге қатысады. Оқушыларды мектепке араласу мақсатында сынып белсенділері сайланып, өз жұмыстары жөнінде түсініктер беріліп отырды. Сынып белсенділері Ішкі істер секторы: Мұнаева Әлия, спорт және денсаулық секторы: Қашқынов Ербол, Мұрат Ернұр. Қамқорлық секторы: Мұханбетова Сәулет, Абзалұлы Исламбек, тазалық секторлары: Аманжолова Айкөркем, Сағидолла Нұрахмет, тәртіп секторы: Мейрамбек Нәби, пресс секторы: Тастемірова Айару, мәдени бос уақытты ұйымдастыру секторы: Айғалиқызы Еркеназ, Таңбайұлы Ақтілеу сайланды.

Сыныпта бірін-бірі тыңдайды, достық қарым – қатынас жасайды, класта кезекшілік міндеттерін атқарады.

3. **Оқушылардың класс және мектеп өміріне қатысуына талдау:** оқушылардың мектептегі үйірме жұмысына қатысуы жақсы. Күрес үйірмесіне Қанатбай Нұрислам, Мұрат Ернұр, Абзалұлы Исламбек қатысады. Үйірмеге уақытында қатысып отырады.

4. **Өзін-өзі басқару ұйымының жұмысын талдау:**

Оқушылардың кластағы және мектептігі өзін-өзі басқару ұйымына қатысуы және олардың ұйымдастырушылық деңгейіне келетін болсақ ұйымдастыру қабілеттері өте жақсы деуге болады. Берілген тапсырманы ақпараттық құралдардан, әлеуметтік желіден, кітапханаларға барып ізденеді.

5. **Класс оқушыларының дамуының талдауы:** сынып оқушыларының әлеуметтік паспорты жасалынды.

Әлеуметтік жағдайына келсек 7 – еуі көпбалалы отбасынан, 7 – еуі толық отбасынан 1 оқушы толық емес отбасынан. 2 оқушы аз қамтылған отбасынан. 1 оқушы сәтсіз отбасы: Қашқынов Ербол.

Класс оқушыларының білім, білік және дағдысы деңгейі, олардың сабақ үлгеріміне келетін болсақ класта барлығы 19 оқушы бар. Оның 12 – сі қыз бала, 7-еуі ұл бала. Өте жақсы оқитын оқушылар Мұнаева Ә, Сағидолла Н, Жанболатқызы З, Мұханбетова С.

Екпінді оқушылар: Айғалиқызы Е, Мұрат Г, Абзалұлы И, Аманжолова А, Мұрат Е. Класс оқушылары себепсіз сабақтан қалмайды. Оқушылар класта, сабақтан тыс уақытта бір-біріне көмектеседі, мектепшілік, облыстық, республикалық олимпиадаларға қатысып отырады.

1. **«Кенгуру – математика барлығы үшін»** II дәрежелі диплом:

1. Мұнаева Әлия 2. Абзалұлы Исламбек

2. **«Ақбота» интеллектуалды олимпиадасы** – I дәрежелі диплом

1. Абзалұлы Исламбек

2. Мұнаева Әлия

3. Сағидолла Нұрахмет

3. **«М.Мақатаев оқулары» конкурсы – Диплом I орын**

Мұнаева Әлия. Алматы қаласы, 2022 ж.

4. **Диплом I дәрежелі «Білімгер»** онлайн логикалық байқауы

Мұнаева Әлия. 10.02.2023 ж.

5. **3. «Кішкентай білгірлер» олимпиадасы аудандық кезеңі –**

Мақтау қағазы (қазан, 2023ж) «Алғырлар» командасы:

1. Мұнаева Ә.

2. Мұрат Е.

3. Сағидолла Н.

4. Мұханбетова С.

4. **Жалпы білім беретін пәндер бойынша II Республикалық «Sapsan» олимпиадасының аудандық кезеңі – (12 қазан, 2023 ж) (қазақ тілі пәнінен)**

1. Мұнаева Ә. 4 сынып - I орын

5. **. Жалпы білім беретін пәндер бойынша II Республикалық «Sapsan» олимпиадасының облыстық кезеңі – (қазақ тілі пәнінен)**

1. Мұнаева Ә. 4 сынып - II орын

## 6. Кластағы тәрбие жұмысының ұйымдастырылуы мен жүргізілуінің пәрменділігі талдауы:

Биылғы оқу жылында тәрбие жұмысы 3 бағытпен жасалынып бекітілді.

**Ұлттық мүдде, Ар-ұят, Талап бағыттары.**

**Қыркүйек – Білім айы.**

«Мектеп – мейірім мекені» «Ахмет Байтұрсынов – тіл адамы» «Отбасы – бақыт мекені» «Тіл – тұғырым» «Жол қадағалауды талап етеді»

**Қазан – Алаш Азаматтарын ұлықтау айы.** «Ұстазым менің - ұстазым» «Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына – 165 жыл» «Құқықбұзушылықтың алдын алу-қауіпсіздік белгісі «Менің Республикам - Қазақстан» сынып сағаттары өтілді.

**Қараша – Поэзия айы** «Әкеге – ізет , анаға - құрмет» «Ұлы дала перзентімін» «Оян, ар мен адалдық» «Отбасылық дәстүрлер»

**Желтоқсан – Қазақстан – Ұлы дала елі** «Тарих пен тіл тамырлас» «Отбасы – тәрбиенің алтын бесігі» «Елімнің бақытын тербеткен тәуелсіздік» «Менің Республикам»

**Қаңтар – Ұлттық Код айы** «Туған өлке ақындарының шығармалары» «Мен оқыған бір ертегі» «Ұлттық тәрбие – ұрпақ ұзданы» «Өнегелі бала – ата – ананың абыройы, айнасы»

**Ақпан – Оқуға Құштарлық айы** «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» «Тарихқа тағзым» «Имандылық жарасады ұл - қызға» «Саналы ұрпақ – жарқын болашақ»

**Наурыз – Ұлттық салт – дәстүр дәріптеу айы** «Бәрі де , Ана , бір өзіңнен басталады» «Адалдық – Адамдықтың белгісі» «Атадан – өсиет , анадан - қасиет»

**Сәуір – Экологиялық мәдениет айы** – «Ұлттық киім – ұрпаққа мұрат» «Отбасыммен бірге өткізген қуанышты күндерім» «Менің кіші Отанымның картасы» «Өрле , Қазақстан» «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі»

**Мамыр – бейбітшілік пен татулық айы** – «Халықтың ерлігі ғасырлар бойы өмір сүреді» «Жеңіс деген шат күлкісі баланың» «Ұлтта достастығы»

Оқу жылында осындай әр айға берілген тақырыптар бойынша тәрбие сағаттары, сынып сағаттары оқушылармен бірге өткізілді.







## 7. Оқушылармен жеке жүргізілген тәрбие жұмысының нәтижесінің талдауы:

Дарынды балалармен атқарған жұмыстар нәтижесіне келетін болсақ дарынды балалармен жұмыс жоспары жасалып бекітілді. «Жұлдызды бала» «Кім мықты?» тақырыбында жұмыстар өтті.

Үлгерімі төмен оқушылармен жұмыс жоспары құрылды. «Менің қолымнан бәрі келеді» тақырыбында сайыс өткізілді. Үлгерімі төмен оқушылармен қосымша сабақтар кестесі бекітіліп, әр жеті сайын тест тапсырмалары алынып отырды.

Тәрбиесі қиын, тәуекел тобына алынған балалар, мектептің ішкі есебі мен ішкі істер бөлімінің есебіне алынған оқушы жоқ.



## 8. Педагогикалық ұжыммен өзара байланыс талдауы:

Пән мұғалімдерімен оқушы жөнінде үнемі байланысып, оқушының сабақ үлгерімі, қосымша сабақтарға қатысуы жөнінде қарым – қатынас жасалынды.

Өткізілген ашық тәрбиелік шаралар және олардың нәтижесі туралы тәрбие ісінің орынбасары Хитрук Е.К. өтілуі жөнінде өз пікірін айтып отырды.

## 9. Отбасымен педагогикалық байланыс :

Ата – аналармен жұмыс жоспары жасалынды. Қыркүйек айында Жаңа оқу жылының ерекшелігі айтылды. Ата – аналар комитетінің құрамы сайланды. Сынып оқушыларының ата-аналары кластағы тәрбие жұмысына әсері мен көмегі атаулы күндерге байланысты шараларға қатынасып отырды.

Сыныпта бір де - бір жиналысқа қатыспаған ата-ана Сансызбаева Шара . оның себебі ол кісі малды ауылда тұратындықтан келе алмайтынын ескертті.

## 10. Қорытынды:

Класс ұжымының өткен жылғы басты жетістіктері; оқушыларды тәрбиелеу ісіндегі тәрбиелік шаралар сәтті өтілді. Жалпы сынып оқушылары тәртіпті, өрескел тәртіп бұзатын оқушылар жоқ.

Келесі оқу жылында тәрбие жұмысы жоспарына нақты оқушылар қызығатындай шаралар, түрлі сайыстар, интеллектуалды ойындарды қолданамыз деп айта аламын.

тәрбие үдерісінде келесі жылы қолданылатын жаңа жұмыс формалары мен әдіс-тәсілдерін түрлендіруді, жаңаша әдістерді қолдануды қолға алу.

## 11. Қосымшалар:

Диагностикалық зерттеу негізінде кластағы тәрбие жұмысын басқару төмендегі кезеңдерден тұрады:

Балалар ұжымына мінездеме: педагог «қолымда не бар, оқушыларым қандай?» деген сұраққа жауап іздейді

Диагностика қорытындысы негізінде педагог «Тәрбиеленушілерім қандай болуы керек, олар болашақта *(осы жылы немесе перспективада)* қандай жетістіктерге қол жеткізулері керек?» деген сұраққа жауап іздейді.

Келесі кезеңде педагог «Белгіленген межеге жетуіміз үшін не істеймін, қандай технологияны, әдіс-тәсілді қолданамын? Бізге кімнен қандай көмек керек болады?» деген сұрақтың жауабын іздейді.

Тәрбие ісіне бұндай көзқарас әр баланың жеке тұлғалық дамуын және класс ұжымын басқаруды қамтамасыз етумен қатар, оның жүйелі дамуына мүмкіндік береді. Пән мұғалімдерін сабақта әр оқушының танымдық мүмкіндігі мен бейімділігіне қарай, оқушы біліміндегі олқылықтарды толықтыра отырып, білім беруге итермелейді және алдағы уақыттағы оқушы мүмкіндігі мен жетістіктерін болжамдауға, қажет болған жағдайда оқушыға пән бойынша керекті коррекциялық бағдарлама жасауға түрткі болады. Яғни, әр оқушының терең де тиянақты білім алуына жағдай туғызады.

Осы әрекеттердің барлығы класс жетекшіге оқушылар ұжымының дамуын неғұрлым жоғары дәрежеге көтеруге, оқушылардың білім алуға тұрақты құлшынысы мен қызығушылығын туғызуға көмектеседі.

Оқушылардың тәрбиелілік деңгейінің өзгеру динамикасының зерделенуі кластағы тәрбие жұмысының нақты сапасын анықтауға және әр оқушыға жеке тұлға ретінде бағытталған тәрбиелік әсер етуге мүмкіндік береді.

Егер, жетекші, класындағы оқушылары мен класс ұжымының дамуын толыққанды басқарғысы келсе, онда төмендегі қағидаларға көңіл аударуы қажет:

әр оқушы мен класс ұжымының даму деңгейін, жеке басы қасиеттері мен мүмкіндіктерін білуі;

оны білу үшін жетекшіде қажетті білім, біліктілік қорының болуы керек;

класс активін қалыптастырып, олардың және барлық оқушылардың ұйымдастырушылық, белсенділік,

атқарушылық біліктіліктерін нығайту және дамыту жұмыстарын жүргізуі;

оқушылардың адамгершілік тәрбиесі негізінде өз істеріне өзіндік талдауы мен өзіндік бақылауы нәтижесінде белсенділігі мен жауапкершілігін дамытуы;

осы жұмыстар арқасында пассивті оқушыларды актив оқушылар қатарына қоса отырып, класс ұжымының қуатын күшейту;

класс ұжымы мен оқушыларының тәрбиелілік деңгейлерінің оңды өзгерісіне байланысты жетекші өзінің педагогикалық позициясын да өзгертіп, неғұрлым жоғары деңгейге көтеруі керек.

Оқушылардың жыл бойғы сабақ үлгерімдері қорытындыланды. «Бастауышым - балбұлағым» тақырыбында бастауышпен қоштасу ертеңгілігі өтті.



27 мамыр – 31 мамыр аралығында оқушылар жазғы мектеп оқуына қатысты. Аудандық қатынас қағаздар бойынша сыныпта түрлі сынып сағаттары өтілді. 24 мамыр күні «Білімім – Отаныма» тақырыбында тәрбие сағаты өтті. Балаларға жаз айында жол қауіпсіздігі, судағы қауіпсіздік жөнінде ескертілді.





**4 сынып жетекшісі : Мусирова Л.А.**